

А.Ж. Абдикадирова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан
(E-mail: zharullakizi@mail.ru)*

Қазақтың ауызша тарихы – ұлт руханияты

Мақалада қазақтың ауызша тарихы, шежіресі туралы сөз болады. Халық арасында ауыздан ауызға тараған халық ауыз әдебиетінің бір саласы – шежіре ғылыми тұрғыда талданған. Шежіренің жанрлық ерекшеліктері сараланып, бұған дейінгі зерттелу жайы айтылған. Қазақ шежіресінің зерттелу тарихын айта келе, Х. Досмұхамедұлы, Қ. Халид, Ш. Құдайбердіұлы, М. Көпеев, С. Мұқанов, Х. Арғынбаев, М. Мұқанов, В. Востровтың еңбектеріне тоқталған. Қазақтың ауызша тарихының ұлт руханиятына қосар үлесі ерекше, осы тұрғыдан алғанда ғалым А. Сейдімбектің зерттеулерінің алар орны айрықша. Ол қазақ халқының әдеби шығармашылығындағы осы бағытқа баса назар аударған болатын. Мақалада А. Сейдімбектің ауызша тарихқа арналған зерттеу еңбегі жан-жақты қарастырылды.

Кілт сөздер: халық ауыз әдебиеті, фольклор, шежіре, рухани мұра, ауызша тарих, әдебиет, аңыз, мақал-мәтелдер, миф.

Қазақ ертеден өз ата-тегіне, ру шежіресіне айрықша мән берген. Өз ұрпағына ру шежіресі туралы аңыз-әңгімелерді жаттатып отырған. «Шежіре – халықтың құрамына кіретін тайпа-рулардың тегін таратып, бір-бірімен туыстық дәрежесін айыратын тізбе. Шежіре негізінен қарасөзбен, кейде өлеңмен жазылады, көлемі әрқалай болып келеді. Арғы ата-бабалардың, тайпа-рулардың басталуы, таралуын көрсететін тізбе шежіренің және бір мағынасы, ол – тарихи жазба ескерткіш» [1; 691, 692]. Шежіре арқылы қазақ этносының тарихын, ерекше бітімін тануға болады. Шежіреде аңыз бен шындық та, ертегі мен әпсана да бар, әдебиет пен тарихты бір-бірімен сабақтастыратын дүние де осы шежіре. Шежірелік деректерге фольклорлық мұраның бір саласы ретінде назар аударып, жинастырып, зерттеу қажет.

Х.Досмұхамедұлының «Аламан» еңбегінің қазақ халық әдебиеті туралы бөлімінде шежіреге қатысты мынадай сөздер бар: «Рулар мен жекелеген тұлғалар туралы аңыздар халық әдебиетінің шежіре (родословная) аталатын үлкен бір бөліміне кіріспе қызметін атқара алады. Әрбір қазақ өз руын, атасын 7-10 буынға дейін таратып айтып бере алады. Ақсақалдардың ішіндегі ерекше зеректері көптеген рулардың, тіптен бір жүздің немесе үш жүздің, басқа да туыстас түрік жұрттарының шежіресін тарқата алады. Дәл осындай хандар шежіресі де бар. Өлеңмен жазылған, поэма түріндегі шежірелер де ұшырасады» [2; 26]. Қ.Халидтің «Тауарих хамса» еңбегінде: «Қазақ халқы кітап көрмей, оқып, жазбай-ақ, тек ауыздан ауызға айтылып келген естіген сөздерін ұмытпай келе жатқандарына дәлелдер көп. Сол үшін бұлардың көне хабарларына қашан да құлақ асу керек. Тарихын, нәсілін білмек болғандар олардың хикаяларына, аңыз-әңгімелеріне сүйенуі керек» [3; 90], — дейді.

Қазақ тарихын барлап-бағамдауда Қадырғали Жалайырдың Шыңғыс хан, Үгетай хан, Жошы хан, Шағатай хан, Төле хан, Күйік хан, Мөңке хан, Ұрыс хан, Тоқтамыс хан, Қажы Керей, Едіге би, Ораз-Мұхаммед хан және тағы да басқа хандар туралы маңызды шежіре деректері берілген, XIII-XVI ғасырлардағы қазақ тарихына қатысты «Жами ат-тауарих» («Шежірелер жинағы»), Әбілғазының Шыңғыс хан, Шыңғыс ханның дүниеге келген тарихы, Шыңғыстан тараған әулеттердің қандай елдерді билегендері турасында құнды деректер берілген «Түрік шежіресі» сияқты еңбектердің маңызы зор. Сонымен қатар қазақ шежіресіне қатысты Ш.Уәлихановтың жазбаларында кездесетін деректерді, Шәкәрім Құдайбердіұлының, Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің, С.Мұқановтың еңбектерін айрықша атауымыз қажет.

Құрбанғали Халидтің 1910 жылы Қазан қаласында «Өрнек» баспасында шыққан «Тауарих хамса» («Бес тарих») еңбегі – араб, парсы, түркі және қытай жазбаларындағы деректерге сүйене отырып, ғылыми тұрғыда қазақ, татар, монғол, қытай сияқты Шығыстың бес елінің тарихы туралы шағатай тілінде жазылған еңбек. Қазақ халқының әдет-ғұрпы, салт-санасы туралы, хандары туралы, қазақ атауының шығу тарихына қатысты көптеген деректер берген.

Қазақ шежіресіне кеңінен тоқталған, қазақтың арғы тегін, ру-тайпаларын тармақтап, жүйелеп берген құнды еңбек – Ш.Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» кітабы.

Еңбекте қазақтың қайдан шыққаны туралы ой қозғап, Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүздің ру-тайпалары туралы, оның ішінде Орта жүздің Арғын, Найман, Керей, Уақ, Қыпшақ, Тарақты сияқты руларына қатысты деректер береді. Сонымен қатар хандар шежіресі, Шыңғысхан шежіресі туралы, осман түріктері мен сұлтандары туралы, сарт, өзбек, ноғай, башқұрт, түркімен сияқты түркі жұртына қатысты шежіре деректері мен қазақтың ру-тайпаларын тармақтап берген сызба-кесте ұсынған.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Қазақ шежіресі» еңбегі ел аузынан жинаған аңыз-әңгімелер, шежіре деректері арқылы қазақтың шежіресін, өткен өмір жолын жан-жақты сипаттауға арналған. Өткеннен сыр шертетін шежіре еңбек халық арасынан жинаған руға байланысты, сол рудың батыры, балуаны, ақыны, өнерлісі, ел ағасы туралы аңыз-әңгімелерге толы.

С.Мұқановтың «Халық мұрасы» атты тарихтық-этнографиялық шолу еңбегінің бірінші бөлімі шежіреге арналған. Жалпы шежіреге қатысты, қожалар шежіресі туралы, қазақ шежіресіне қатысты, қазақ тарихы туралы деректер, мәліметтер, зерттеуші-ғалымдардың ой-пікірлері берілген. Және де автордың шежіре және тарих жайындағы ой толғаулары ортаға салынған. Жалпы осы еңбекті жазу барысында ғалым қазақтың ауыз әдебиетін кеңінен пайдаланған.

Еліміздің егемендік алып, тәуелсіз ел болуының арқасында ел тарихына қатысты еңбектерде шындықты бұрмаламай жеткізуге мүмкіндік туды. Десек те, әркім өз шежіресін түгендеп, өз руларын, ата-бабаларын мадақтап, шежіре жазу дәстүрі тым көбейіп кеткенін де айта кету қажет.

Қазақ шежіресі туралы тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда жарық көрген Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүздегі ру-тайпаларының және жүзге кірмейтін қазақ руларының тарихына қатысты ғылыми сипаттамалар жасалынып, ататек кестелері берілген Жарылқап Бейсенбайұлының ғылыми дәйектер мен «Ана тілі» газетіне түскен қалың шежірелік мәліметтер негізінде жасалған «Қазақ шежіресі» еңбегін, хандар мен сұлтандар туралы тарихи-шежірелік зерттеулер берілген Балқаш Бафиннің «Тарихи шежіре. Тағдырлы тіл. Хат жаздым қалам алып» кітабын, әртүрлі дереккөздерден алған құжаттар негізінде Қазақ хандығының тарихын жеткізуге тырысқан Болатбек Нәсеновтің «Қазақтардың тарихы. Хандар» еңбегін, қыпшақ руының бір атсының шежіресімен қоса қазақ тарихына қатысты біраз мәліметтер, шешендік сөздер, әңгіме-аңыздар, дінге қатысты ой-пікірлер берілген Амангелді Ертуғанұлының «Тарихтан мұрағат – ұрпаққа ұлағат» еңбегін, тағы да басқа толып жатқан еңбектерді атауымызға болады.

Ал енді шежіренің жанрлық табиғатына тоқталған М.І.Әбдуовтің «Шежіренің жанрлық сипаты» еңбегінде шежіре туралы ой-толғамдар, шежірені жүйелеудің жолдары туралы пікірлер, шежіренің түрлері, шежіренің тәрбиелік мәні туралы айтылған. Және де Қаракесектің ішіндегі Әлтеке руының шежіресі ұсынылады. Шежірені мазмұнына қарай тарихи шежіре, әдеби шежіре, ата-тек шежіресі деп бөлсе, сыйпатына қарай ру-тайпа шежіресі, хандар шежіресі, қожалар шежіресі деп үшке бөлген [4; 20, 21].

Халел Арғынбаев, Марат Мұқанов, Вениамин Востровтың «Қазақ шежіресі хақында» еңбегі қазақ халқының тарихын зерттеуде, ру-тайпалардың шығу тегі мен тарихта алар орнын саралауда маңызы зор еңбек болып табылады. Ұлы, Орта және Кіші жүздердің тарихына қатысты көлемді еңбекте шежіре деректері мол қамтылған.

Бұл еңбектерді саралай, санамалай келе, біз тоқталмақ болып отырған еңбек – Ақселеу Сейдімбектің «Қазақтың ауызша тарихы» зерттеу еңбегі.

А.Сейдімбектің шежірелік айғақ-деректер нәтижесінде қазақ қоғамының ру-тайпалық жүйесін тұңғыш рет толық сипатымен саралап берген ең үлкен нәтижелі еңбегі – «Қазақтың ауызша тарихы». Осы көлемді еңбегінде автор халық арасында тарих туралы ауызша айтылатын аңыз, шежіре, мифтердің жинақталған мол дерегіне сүйеніп, ауызша тарихқа жан-жақты талдау берген. Ғалым еңбегінде шежірелік деректер, ең алдымен, қазақ халқының тарихи білімінің, сауаттылығының, рухани құндылығының жарқын айғағы ретінде зерделенген.

М.Кемел бұл еңбектің ерекшелігі туралы былай дейді: «Бұл – шежірені сыдыртып баяндау емес, ауызекі әңгімені классикалық дәрежеге дейін көтеріп, елге ұғынықты етіп түсіндіру» [5; 193].

Т.Омарбеков: «Бұл кітап өзінің ішкі құрылымы, жазылу стилі және көтерген мәселелері, сондай-ақ ғылыми бағыттары жөнінен өзінен бұрынғы этнографиялық мазмұнда жарық көрген зерттеулердің ешбіріне ұқсамайды. Кітап қазақ этнографиясына және этнологиясына байланысты, тікелей қатысты, кең ауқымды, өзекті мәселелерді қозғаған» [6; 360] деген пікір айтады.

Қазақ ғылымында соңғы кездерге дейін этнография мен фольклорды, фольклор мен тарих ғылымын шендестіріп зерттеуге айтарлықтай мән берілмей келді. Ғалым осы еңбегінде қазақ аңыздарының этномәдени табиғатын саралай отырып, шежірелік аңыздардың тарихи материал,

тарихи айғақ болатындығын дәлелдейді. А.Сейдімбек қазақтың шежірешілдік дәстүрін тарихи танымның негізі ретінде қарастырады. Және де ел ішіндегі шежірелік аңыздарда тарихи мәліметтермен қатар, этнографиялық айғақтардың молдығына назар аударған.

Тарихшылар «айтылған тарих», «ауызша айтылған тарих» деп атап жүрген, ерекше жанрлық үлгіде жазылған бұл зерттеу еңбегінде А.Сейдімбек шежірелік айғақ-деректерді кең көлемде пайдаланған, қазақ этнологиясы туралы тың пайымдаулар жасаған. Кітап үлкен-үлкен 5 тараудан, 25 тақырыптан тұрады.

Еңбекте адамзат тарихындағы көшпелі өмір-салттың көптеген үлгілері болғанын айта отырып, Дж.П.Мэрдок, С.Вильсон, Б.В.Андрьянов, А.Вебер сияқты түрлі ғалымдардың талдауларын келтіреді. Қазақ даласындағы есте жоқ ескі заманда бастау алып, кешегі XX ғасырдың орта шеніне дейін созылған дәстүрлі-эпикалық көшпелі өмір-салттың ерекшеліктерін атап көрсетеді.

Ғалым профессор Немат Келімбетовтің шежірешілдік туралы пікірін келтіре отырып, қазақ ру-тайпалық жүйеден оның жай-жапсарын саралап беретін шежірешілдіктен үрікпеуі керек, шежіре-тарихын білмейтін мәңгірттіктен қорқуы керек деген ой айтады. «Дәлірек айтқанда, қазақтың төл тарихының ең құнды айғақ-дерегі ретінде шежірелік деректерге мемлекеттік өреде мән беретін, оған халықтың біртұтастығы мен патриотизмнің тетігі ретінде қарайтын және оны жас ұрпаққа берілер білімнің мазмұнына айналдыратын, сол арқылы өміршең таным-түсінік қалыптастыратын мезгіл жетті. Ондай таным-түсінік еңселі ұлттар мен іргелі мемлекеттерде әлдеқашан қалыптасқан» [6; 24], — дейді. Еңбекте қазақтың шежірешілдік дәстүріне қатысты алғаш рет «Қазақтың ауызша тарихы» (ҚАТ) ұғымы қолданылып отыр. Осыған байланысты «көшпелі» сөзін «көшпенді» деп қате қолдану туралы мысалдар келтіреді.

Талас Омарбеков: «Әрине, ауызша тарихқа тек қана қазақ шежірешілдігі ғана жатады десек, тар өрісті пікір айтар едік. Тамыры тереңнен бастау алатын, ежелгі тарихи тұлғаны бүгінгі күнге көркемдеп те айшықтап жеткізген әр түрлі аңыз-әңгімелер мен қиссалар, жыршыларымыз танды таңғы ұрып жырлайтын тарихи дастандарымыз бен тарихи жырларымыз, мысалы, Мұрын жырау жырлаған «Қырымның қырық батыры» ауызша тарихтың адам таңданарлықтай ғажайып үлгісі емес пе?!» [6; 360], — дейді.

Міне, осы аңыз-әңгімелер мен қиссалар, өлең-жырлар мен дастандар туралы кітаптың III-тарауы «Қазақтың қария сөздері» деп аталып, өз ішінде 6 тараушадан тұрады. Бұл тарауда ғалым «Алаш», «қазақ», «жүз» атауларының мәніне үңіліп, Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүзге қатысты дерек-мәліметтер мен осы жүздер, осы жүздердің құрамындағы рулар туралы, әртүрлі тарихи оқиғалар, тарихи тұлғалар, этнонимдер мен шежірелік атауларға ел аузында сақталған тарихи аңыз-әңгімелерді келтірген.

«Аңыз ақиқаттың жаңғырығы» тараушасы «шежірелік деректер» деген жинақтау ұғымнан бастап, бұлардың жанрлық тұрғыда көп құрамды болып келетінін көрсетеді. Мысалы: шежірелік миф, шежірелік аңыз, шежірелік эпсана, хикая, өлең, жыр, толғау, шешендік сөз, топонимдік аңыз, мақал-мәтел т.б. Осы сияқты қазақ фольклортануында шежірелік жанрлар өте көп, олар кез келген фольклорлық мұра тәрізді ауызша айтылып, халық арасында ауызша тарған. Ғалым шежірелік деректердің тарихи сипатымен қоса, фольклорлық сипатына да назар аударады.

Әрі қарай ғалым шежірелік деректерді жалпы сипаты бойынша жіктейді:

1. Мифтік мазмұндағы шежірелік деректер. Бұған әлем дүниесінің жаратылуы, сонан соң тіршілік иелерінің, соның ішінде адам әулетінің пайда болуы, адам әулетінен әр түрлі ел-жұрттың таралуы, солардан ру-тайпалардың өрбуі, олардың қалай аталу себептері сияқты сюжеттер мен мотивтердің негізгі мазмұндық желіні құрайтын шежірелік деректерді жатқызады. Мысал ретінде «Тәңірдің ғұмыр-жас бөлуі» атты мифтік мазмұндағы шежірелік деректі келтірген.

2. Қазақтың ру-тайпалары туралы шежірелік деректер. Ғалым осы тақырыпқа қазақ халқын жасақтаған ру-тайпалардың қалай пайда болғанын, қалай қалыптасқанын, нақты қандай тарихи тұлғалардан өрбігенін баяндайтын шежірелік деректерді жатқызған.

3. Нақтылы тарихи тұлғаларға қатысты шежірелік деректер. Қазақтың шежірелік деректеріндегі ең көп мағлұмат нақтылы тарихи тұлғалар туралы болып келеді. Мысалы, Адам ата, Хауа ана, Нұх пайғамбар, Ескендір Зұлқарнайын, Қорқыт ата, Шыңғыс хан, Кетбұға, т.б. сияқты тұлғалар туралы қазақ арасындағы тарихи аңыз-әңгімелер осы топты құрайды.

4. Этнотопонимдер туралы шежірелік деректер. Бұлар ру-тайпалардың жаңаша жіктелуімен, жүздік бөліктердің қалыптасуымен, осыған орай, әрбір ру-тайпаның қоныс-тұрақтарын белгілеумен тікелей байланысты болып келеді.

5. Мақал-мәтел түрінде айтылатын шежірелік деректер. Қазақ ру-тайпаларының, әулет-аталарының тек-тамыры, қоныс-тұрағы, кәсіп-харекеті, тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрыптары, жөн-жобалары, мінез-құлықтары сияқты алуан түрлі қасиеттері мақал-мәтел түрінде айтылады. Мұндай мақал-мәтелдерді ғалым ең бір ақпараты мол шежірелік деректер санатына жатқызады.

Көшпелілер ортасында әйел-анаға деген айрықша құрметтің ертеден қалыптасқандығы, әйел мәртебесінің ерлермен тең екендігі туралы өзінің пайымдауларын айта келе, ғалым 66 ру-тайпа атауы мен ұранына айналған аналарды санамалаған. Мысалы, «Айбике-Шаншар» атауы (Қаракесектен Шаншар, Шаншардың үш әйелінің бірі – Айбикеден өрбіген ұрпақты осылай атап кеткен) немесе Енең Тоқасы туралы. Қуандық→ Қарпық→ Көзей→ Қаратоқа→ Бесім. Бесімнің бәйбішесі – Бөтей анадан тараған ұрпақтарды «Енең тоқасы» деп атап кеткен, бұл атауды Есім хан берген. Айбикеш, Өлпеш, Бегім, Бопай, Дәулетбике, Қарқабат т.б. аналар туралы, Домалақ ана туралы аңыздар келтірілген. А.Сейдімбек әрбірінің қалай еланасы аталып, қандай қасиеттерімен ерекшеленетіндігін тарқатып айтып отырады.

Ғалым ру-тайпалар туралы мақал-мәтелдерді айтқан тараушасында паремиология – мақал-мәтелдерді зерттейтін ғылым екендігін айта келіп, оларды жіктеп-жүйелеудің бес түрін келтіреді. Ғалым бұл кітапта мақал-мәтелдерді жүйелеудің бұл үлгілерінің ешқайсысын да басшылыққа алмағандығын, мұнда тек әулет-ата, ру-тайпа және жүздік құрылымдар жөнінде айтылатын мақал-мәтелдерді жинақтағанын айтады. Яғни бұл мақал-мәтелдерді қазақ халқының өз ішіндегі тарихи қалыптасқан этноқұрылымдар бойынша жіктеп-жүйелеген. Атап айтқанда, қазақ туралы «Қазақтың ақылы – көзінде, қасиеті – сөзінде», Ұлы жүздің ру-тайпалары туралы «Екейде елу бақсы, сексен ақын», Орта жүздің ру-тайпалары туралы «Арғын – аға, Қыпшақ – жаға», «Арғын болсаң, Алтай бол», Кіші жүздің ру-тайпалары туралы «Әлім – аға баласы» немесе «Аспанда құдай, жер астында – мұнай, ортасында – Адай» деген сияқты толып жатқан мақал-мәтелдерді ел арасынан жинап, топ-тобымен бөліп көрсеткен. Сонымен қатар қожа, төрелер сияқты жүзге кірмейтін ру-тайпалар туралы, орыс, татар, сарт, қалмақ сияқты өзге ел-жұрттар туралы да мақал-мәтелдер бар.

Жалпы бұл кітапты парақтап отырып жазушы-ғалымның өзі туып-өскен ортасын, өз Отанын, өз ұлтын қаншалықты сүйетіндігін аңғарып отырарсың. Ел аузында сақталған жойдасыз мол шежірелік деректерді жылдар бойы тырнақтап қалай жия бергеніне таңғаларсың. Соларды тың, жаңаша бір көзқараспен, тәсілмен зерттеп, ретке келтіріп, бізге ұсынып отырған бұл еңбегі қазақ тарихына, ұлт руханиятына қосылған зор үлес, рухани құбылыс деп қарауымыз керек. Бұған дейін қазақ ұлтының болмысы, ішкі әлеміне, тарихына осынша терең үңіліп зерттеп, соны асқан махаббатпен бере білген, қазақ «көшпелі», «жабайы», «мәдениеті төмен» деп келген астамшыл көзқарасқа соққы берген ғалымның бұл еңбегінің әркімге де тигізер пайдасы мол екені даусыз.

А.Сейдімбектің көпшілік тарапынан зор ықыласқа бөленген бұл еңбегіне ғалымдар тарапынан сыни пікірлер де болды. Солардың ішінде Ж.Артықбаевтың мына ойларына тоқтала кетсек: «Қазақтың көңілі ояу, көкірегі ашық оқырманына жеткізсем, деген Ақаңның асыл ойларының арасынан анда-санда қарама-қайшылық та, өзге ауылдың адасып жүрген қозы-лағы да, ғылыми нақтылығы жоқ дүдәмәл пікірлер де кездеседі. Мұндай тақырыпқа барған зерттеуші кемшіліктен ада, тып-тиянақты, жұмыр жұмыс жасауы қиын. Қашан да автордың есебінде болатын жағдай, неғұрлым зерттеу тақырыбың үлкен болған сайын қателіктерің де соғұрлым көп. Оның үстіне Ақаң «ауызша тарих» ұғымына тікелей немесе жанама кіретін ондаған-жүздеген мәселелерді кітапқа артып алған» [6; 714].

Ғалым Ж.Артықбаев А.Сейдімбектің бұл еңбегін саралай келе: «Жалпы қазақ мүддесі тұрғысынан қарасақ, Ақаңның бұл еңбегі Шәкәрімнің 1911 жылы Орынборда шыққан «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресін» еске түсіреді. Шәкәрім мен Ақаңның арасын ұқсастырып тұрған тағы бір қасиет – екеуінің де қазақ тарихы мен этнологиясының мәселелерін Еуропалық (Ресейлік) ғылыми тәжірибе арқылы түсінуге күш салуы. Екі кітаптың арасы тура жүз жыл, ал мақсат-міндетінде түк өзгеріс жоқ» [6; 720], деген баға береді.

Сөз орайында ғалым А.Сейдімбектің «Қазақтың ауызша тарихы» еңбегінің жанрлық сипатына байланысты айтар болсақ. Бұл мәселе төңірегінде ғалымдар арасында да бірнеше пікірлер айтылды. Осы еңбек туралы Ж.Артықбаев: «Сонымен, сөздің қорытындысы, Ақаңның этнографиялық тақырыпта жазылған көркем шығармалары, ғылыми-көпшілік кітаптары мен монографиялары арасында еш алшақтық жоқ. Бұлар бәрі де таза этнография, тек зерттеу, баяндау, оқырманға ұсыну тәсілдері ғана бір-бірінен бөлек, бірақ мақсаты бір туындылар. Егер Еуропа тілімен айтсақ, Ақаң постмодернистік дәстүрде жазатын этнограф-жазушы. Ақаң еңбектеріне ден қойған қазақ оқырманы

үшін ол, ең алдымен, ағартушы, дәлірек айтсақ, этнограф-ағартушы» [6; 713], немесе: «Осы себептен Ақаңның кітабы, ең алдымен, деректану бағытына келетін жұмыс. Тіпті, этнологиялық деректану деп те осы бағытты атауға болар еді» [6; 726], — деген ойлар айтады.

М.Тәжі-Мұрат: «Кезінде Ақселеу Сейдімбековті қай жанрда жазатын жазушы деп тану жөнінде онды пікірталас болған. Әдебиеттану білетін жанрлар мен жанрлық түзілімдерден бірде-біреуіне лайығы келмей қойғаннан кейін, Ғабаң (Ғабит Мүсірепов): «Ақселеу – әзір ешкім түстеп білмейтін, ала бөтен жанрдың қаламгері», — деп кеткен-ді. ҚАТ кітабына жазған түйін мақаласында осы мәселені Жамбыл Артықбаев та қозғаған екен. Ғалым ағылшын этнографы Э.Листің этнографиялық монографияның кейіпкерлері автор тұлғасымен қойындасып кететін тарихи романға ұқсатқан пікірін келтіріпті. Ой саларлық сөз.

Сейдімбек – басқасын былай қойғанда, өмір тәжірибесін дөңгелете суреттеп бере алатын дарынды жазушы. Бірақ тіл шеберлігі, стиль мінсіздігі, ең бастысы, дерек-дәйектердің шығарманың түпөзегіне (замысел) үйіріліп, үйірсектеп кеп, кенет шиыршық атып қоя беретін композициялық-сюжеттік ерекшелігі оның жазғандарын эссеистиканың сүт кенже жанры – дәйектеме-романға (инфороманға) жақындатады. Бұл романдарды өзгеден ала бөтен даралап тұрар нәрсе – кейде шығарманың ішіне, кейде соңына әдейі шашып жіберетін шағын әңгімелер. Кәдімгі Шығыстың ұлы әңгімелеріне тән туындыны тиектеу (обрамление) тәсілі. «Қазақтың ауызша тарихы» іргелі зерттеуінде түйіндеме ретінде сондай 15 мөлтек әңгіме беріліпті. Автор әлденеге «Этнографиялық түйін» деп атаған олар, біздіңше, этнографиялық сипаттағы, бірақ өмірдің жалт еткен бір көрінісін дөңгелете суреттеп беретін метонимиялық принциппен жазылған кәдімгі новелла. Оларды тебіренбей, еміренбей, көзіңе жас үйірмей оқу мүмкін емес» [7; 357], — деген баға береді.

Сонымен, ойымызды түйіндер болсақ, жанрлық жағынан бұл еңбек әралуандығымен ерекшеленеді: мұнда миф те, аңыз да, әпсана, хикая, қария сөз, тарихи деректер – барлығы да бар. Сондықтан, жазылу ерекшелігіне қарап еңбекті фольклорлық-тарихи шығармаға жатқызуға болады деген ойдамыз.

А.Сейдімбектің бұл еңбегін қорытындылай келе, мынадай баға беруімізге болады:

- қазақ халқының тарихына, этнокұрылымына қатысты шежірелік деректердің мән-маңызы айрықша екендігін дәлелдеген;

- ру-тайпалар тарихын зерттеп-зерделеу арқылы елдің біртұтастығына іріткі салған трайболизмге қатысты қазақ халқында жүзге бөлінушілік әкімшілік-аумақтық (территориялық) бөлініс үшін қолданылғандығын баса айтып, қазақ ұлтының біртұтас этнос екендігін дәлелдеп берген;

- қазақтың туыскандық жүйесіне қатысты тың деректер беріліп, туыскандық атаулар жүйесінің түзілімін реттеп берген;

- қазақ халқының үш жүзінің, жүзден тыс ру-тайпаларына қатысты, аттас ру-тайпалар мен сіңісті руларға қатысты, ру-тайпалардың лақап атаулары туралы, ру-тайпаның атауы мен ұранына айналған аналар туралы алғаш рет кең көлемде шежірелік деректер берілген;

- қазақ ру-тайпаларына қатысты аңыз-әңгімелер мен мақал-мәтелдер кең көлемде жинақталып, жүйеленген;

- қазақ этнотопонимдері туралы мәлімет-деректерді жинақтап, ру-тайпалардың ен-таңбалары мен ұрандары шежірелік айғақтар негізінде сараланып берілген;

- қазақ болмысын айғақтайтын этнографиялық пайымдаулар зерделенген.

Тарихшы-этнологтың аталған еңбегінің идеялық мазмұны терең әрі көтерер жүгі ауыр. Ғалым А.Сейдімбектің «Қазақтың ауызша тарихы» еңбегі ұлттық құндылықтарымыздың ішіндегі орны ерекше туынды екеніне күмән жоқ.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақ әдебиеті: энциклопедия. — Алматы: Білім, 1999. — 750 б.
- 2 Досмұхамедұлы Х. Аламан / Х. Досмұхамедұлы. — Алматы: Ана тілі, 1991. — 176 б.
- 3 Халид Қ. Тауарих хамса: Бес тарих / Қ.Халид. — Алматы: Қазақстан, 1992. — 304 б.
- 4 Әбдуов М.І. Шежіренің жанрлық сипаты / М.І.Әбдуов. — Қарағанды: Арко, 1998. — 67 б.
- 5 Кемел М. Өзіме сабақ / М. Кемел. — Астана: Нұр-Астана, 2011. — 384 б.

6 Алаштың Акселеуі. — Астана: Фолиант, 2012. — 433 б.

7 Сейдімбек А. Шығармалары: алты томдық. — 4-т. / А.Сейдімбек. — Астана: Фолиант, 2010. — 738 б.

А.Ж. Абдикадилова

Устная история казахов – духовное наследие народа

В статье рассмотрены устная история и родословная казахского народа. Дан научный анализ работ по исследованию одного из направлений устного народного творчества – родословной, которая передавалась из уст в уста. Были исследованы жанровые особенности родословной, упоминается об исследованиях, которые проводились до этого времени. Рассказывая об истории исследования казахской родословной, автор рассматривает труды Х. Досмухамедулы, К. Халида, Ш. Кудайбердиұлы, М. Копеева, С. Муканова, Х. Аргынбаева, М. Муканова, В. Вострова. Устная история является огромным вкладом в духовное наследие народа, с этой точки зрения исследования ученого А. Сейдімбека занимают особое место. Он придавал большое значение данному направлению в литературном творчестве казахского народа. В статье рассмотрены исследовательские труды А. Сейдімбека, посвященные устной истории.

Ключевые слова: устное народное творчество, фольклор, родословная, духовное наследие, устная история, литература, легенда, пословицы и поговорки, миф.

A.Zh. Abdikadirova

The oral history of the Kazakhs — is the spiritual heritage of the people

This article deals with the oral history and the genealogy of the Kazakh people. There is scientific analysis of works on the study of one of the directions of oral folk art is given - the genealogy, which was passed from mouth to mouth. Genre features of the genealogy were considered, mention is made of the studies that were conducted before this time. Talking about the history of the study of the Kazakh genealogy, the works of H. Dosmukhameduly, K. Khalid, Sh. Kudayberdiuly, M. Kopeev, S. Mukanov, H. Argynbayev, M. Mukanov, V. Vostrov are considered. Oral history is a huge contribution to the spiritual heritage of the people, from this point of view, the study of the scientist A. Seydimbek occupies a special place. He attached great importance to this trend in the literary work of the Kazakh people. The article deals with the research works of A. Seydimbek devoted to oral history.

Keywords: oral folk art, folklore, genealogy, spiritual heritage, oral history, literature, legend, proverbs and sayings, myth.

References

- 1 *Kazakh adebiyeti [Kazakh literature]*. (1999). Almaty: Birlik [in Kazakh].
- 2 Dosmukhameduly, H. (1991). *Alaman [Mass]*. Almaty: Ana tili [in Kazakh].
- 3 Khalid, K. (1992). *Tauarikh khamsa: Bes tarih [Tauarikh hamsa: Five stories]*. Almaty: Kazakhstan [in Kazakh].
- 4 Abduov, M.I. (1998). *Shezhirenin zhanrlyk sipaty [Genre features of genealogy]*. Karaganda: Arko [in Kazakh].
- 5 Kemel, M. (2011). *Ozime sabak [Personal lesson]*. Astana: Nur-Astana [in Kazakh].
- 6 *Alashtyn Akselei [Akselei in Alash]*. (2012). Astana: Foliant [in Kazakh].
- 7 Seydimbek, A. (2010). *Shygharmalary [Works: six volumes]*. (Vol. 1-6, Vol. 4). Astana: Foliant [in Kazakh].